



БҰЙРЫҚ

01.09.2022

№ 119-Н/г

Қолданыс күні

ПРИКАЗ

Қолданыс күні

**Ауданның жалпы орта білім беретін
ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының
басталуын, ұзақтығын және каникул
кезеңдерін айқындау туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі №368 және Маңғыстау облысы білім басқармасының 30.07.2021ж. №97, Маңғыстау облысын білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің №01-5/141-нқ «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау турал» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысандарына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан, орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынандай мерзімдері айқындалсын:

- 1) 2021-2022 оқу жылының басталуы 2021 жылғы 1 қыркүйек;
- 2) Оқу жылының ұзақтығы бірінші сыныптарды – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы;
- 3) Оқу жылы барысындағы каникул кезеңдері:

- 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2021 жылғы 31 желтоқсан – 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында), көктемгі – 12 күн (2022 жылғы 19-30 наурыз аралығында);

- 1 – сыныптарда: 7 күн мерзімде (2022 жылғы 7-13 ақпан аралығында) қосымша каникул белгіленеді.

2. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау ОІМ Б.Боранғалиға, ОІМ Ж.Ағаниязға және ДТЖО А.Сугирбаеваға міндеттелсін.

Директор



М.Ташов



БҰЙРЫҚ

18.05.2022 № 232-104

Қызылтобе ауылы

ПРИКАЗ

село Кызылтобе

2021-2022 оқу жылының аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «2021-2022 оқу жылының аяқталу және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» 2022 жылдың 20 сәуірдегі №159 бұйрығына және Маңғыстау облысының білім басқармасының «Маңғыстау облысы білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» 2022 жылдың 05 мамырдағы №115-нқ бұйрығына және Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің 11.05.2022 жылғы 06 мамырдағы №161-нқ бұйрығына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан Маңғыстау облысының орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері белгіленсін:

1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы-2022 жылғы 25 мамыр;

2) 9 сыныптың білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары-2022 жылғы 28 мамыр - 6 маусым аралығында;

3) 11 сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары-2022 жылғы 27 мамыр - 10 маусым аралығында;

2. Қорытынды аттестаттау өткізудің мынандай мерзімдері бекітілсін:

9 сыныптардың білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып

1) Қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақал, эссе, эссе)-2022 жылғы 28 мамыр;

2)Математика (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)-2022 жылғы 31 мамыр;

3)Орыс тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2022 жылғы 3 маусым;

1)таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын, француз, неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 6 маусым;

3. 11 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1)алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан 2022 жылғы 27 мамыр;

2)қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 30 мамыр;

3)Қазақстан тарихынан ауызша емтихан - 2022 жылғы 2 маусым;

4)орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі және әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан - 2022 жылғы 7 маусым.

5)Таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері, Әдебиет, Шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) жазбаша емтихан - 2022 жылғы 10 маусым.

6)9,11 сыныптардың білім алушыларын қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, 2022 жылғы 28 мамыр -17 маусым аралығында өткізіледі.

7)Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білім олқылықтарының орнын толтыру мақсатында ата-аналардың немесе заңды өкілдердің өтініші бойынша барлық ниет білдірген білім алушылар үшін оқытуды 2022 жылғы 17 маусымға дейін жалғастыру қаралсын.

4.ДОІЖО Б.Боранғалиға, Ж.Мамбеталинаға:

1)2021-2022 оқу жылын осы бұйрықтың және Қазақстан Республикасы Білім және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі №-159 бұйрығының талаптарына сәйкес аяқтауды қамтамасыз етсін;

5.Осы бұйрықтың орындалысын бақылау өзіме қалдырылсын.

Негіздеме: Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің 11.05.2022 жылғы 11 мамырдағы 161-нқ бұйрығы.



Директордың м.а

Handwritten signature

А.Тургунбекова